

Жарнамалық
интерактивті ынталандыру іс-шарасы - «Kinder Surprise Natoon» интернет-науқанын өткізу қағидалары
(бұдан әрі - «Қағидалар»)

Алматы қ.

2023 жылғы 10 тамыз

ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Егер осы Қағидаларда өзгесі тікелей айтылмаған болса, оларда қолданылатын бас әріппен жазылған терминдер мен анықтамалар келесі мағынаға ие болады:

1. Науқан ұйымдастырушысы және Операторы:

- **Науқан ұйымдастырушысы** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Науқан өткізуді ұйымдастыратын заңды тұлға, атап айтқанда, «**Ферреро Казахстан**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, (БСН 130140009072, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 192/2-үй, 5-қабат), бұдан әрі «**Ұйымдастырушы**» деп аталады.
- **Науқан операторы** ҚР заңнамасына сәйкес құрылған, Ұйымдастырушымен Науқан өткізуге шарт жасасқан, осындай шарт бойынша міндеттемелерді орындауда өз атынан, бірақ Қағидаларға сәйкес Науқанға қатысқаны үшін жүлделерді алуға құқығы бар тұлғаларды анықтау, сондай-ақ Жүлделерді Жүлдегерлерге жіберу (жеткізу) мақсатында Ұйымдастырушының есебінен және міндеттеуі/тапсырмасы бойынша әрекет ететін заңды тұлға, атап айтқанда: «**G-FORCE**» (ДЖИ-ФОРС) ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген және әрекет ететін заңды тұлға (БСН 060440002398, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., №97-үй, т.ү. 1, бұдан әрі - «**Оператор**»).

2. Науқан - «Kinder Surprise Natoon» промо-науқаны, бұл тұтынушылардың "Kinder" тауар белгісімен өнімге қызығушылығын қалыптастыруға және қолдауға, оны сатуды ынталандыруға, Қағидалар шарттарында Ұйымдастырушы өткізетін нарықта ілгерілетуге бағытталған жарнамалық ынталандыру шарасы.

3. Қағидалар – Науқанның осы қағидалары.

4. Қатысушы - ҚР азаматы немесе ҚР аумағында тұрақты тұруға құқығы бар (тұруға ықтиярхаты), 18 (он сегіз) жасқа толған, Науқанды өткізу кезеңінде ҚР аумағында тұратын, әрекет қабілеттілігінен айырылмаған (шектелмеген) шетелдік азамат.

5. Өнім (Өнімдер) – фольгамен қапталған «Kinder Surprise Natoon» шоколадты жұмыртқасы.

Қағида мәтіні бойынша Өнімге сілтемелер тікелей анықтамада көрсетілген өнімді ғана білдіреді.

Науқанды өткізу кезеңіндегі Өнім құны Науқанды өткізу мерзімінен тыс Өнім құнынан аспайды. Осылайша, Өнімді сатып ала отырып, Қатысушы Науқанды өткізумен байланысты ешқандай қосымша төлем жасамайды.

Науқанға қатысатын Өнімде Өнімнің Науқанға қатысатыны туралы куәландыратын қандай да бір қосымша стикерлер, жапсырмалар және кез келген басқа таңбалар жоқ.

6. Жүлделер - Қағидалардың 6-бабында көрсетілген Жүлделер немесе жоғарыда көрсетілген жүлделерді Науқанды Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен алмастыра алатын өзге де Жүлделер.

7. Жүлдегерлер - Қағидаларда белгіленген тәртіппен Науқанға қатысу нәтижесінде Жүлделерге құқық алған тұлғалар.

8. Ұтыс ойындарының жеңімпаздары (Жеңімпаздар) – қатысу және ұтыс ойындары нәтижесінде Науқан Жүлделерін алу құқығын алған тұлғалар.

9. Сайт - Қағидалардың толық мәтінін қамтитын және өткізілетін Науқанның шарттарын іске асыру үшін қажетті функционалы бар Науқанның Интернет желісіндегі веб-сайты <https://www.kinder.com/kz/ru/xp/natoon-promo/>, .

10. Чек - Қатысушының Өнімді сатып алу фактісін растайтын, ақшалай есеп айырысу кезінде (Фискалдық Деректер Операторының базасында) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналар берген, ҚР заңнамасының барлық талаптарына сәйкес келетін бақылау-кассалық чек.

Келесі чектер қате деп танылады, ескерілмейді, тіркелмейді және Науқанға қатысуға танылмайды:

- жасанды (жалған, ҚР заңнамасының талаптарын бұза отырып берілген, Науқан Қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтін чектерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін және т.б.);
- Науқанды өткізу кезеңінің **басталу күнінен бұрын** тіркелгендер (**2023 жылғы 10 тамыз сағат 00:01-ден бұрын**);
- Байқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңінің **аяқталу күнінен кейін** тіркелгендер (**2023 жылғы 10 қазан сағат 23: 59-дан кейін**);
- бұрын тіркелген чектің деректері туралы ақпаратты қайталағанда (қайта жүктегенде), уақыты бойынша бұрын жүзеге асырылған чекті тіркеу шын (жарамды) болып табылады;
- Өнім жоқ чектер;
- жоғарыда көрсетілген ақпаратты сәйкестендіруге мүмкіндік бермейтін, чектің нөмірі немесе күні, Өнімнің атауы туралы ақпарат жоқ немесе айтарлықтай бүлінген чектер.

1. Қағидаларда кездесетін барлық терминдер, анықтамалар мен ұғымдарды Ұйымдастырушы

белгілейді және басқа көздермен сәйкес келмеген жағдайда Қағидаларда белгіленген мағынада қолданылады. **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Науқан - бұл Өнімді жарнамалау, оған назар аударту, сондай-ақ нарықта жылжыту және Өнімге деген қызығушылықты қалыптастыру/қолдау болып табылатын іс-шара. Науқанға қатысу үшін ешқандай ақшалай жарналар қажет емес.
- 1.2. **Науқанды өткізу аумағы** – Қазақстан Республикасы (ҚР).
- 1.3. Науқан Ұйымдастырушының қаражаты есебінен өткізіледі, пайда немесе басқа табыс алу мақсатын көздемейді және Қағидаларға сәйкес өткізіледі.

2. НАУҚАНДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ


- 2.1. Науқанның жалпы мерзімі: 2023 жылғы 10 тамыздан 2023 жылғы 10 қазанға дейін (мұнда және одан әрі – барлық күндерді қоса алғанда).
- 2.2. Жүлдегерлерді анықтау мерзімдері:
Апта сайынғы ұтыс ойындарын өткізу күндері (барлығы 8 ұтыс ойыны): **2023 жылғы 24 тамыз, 2023 жылғы 31 тамыз, 2023 жылғы 7 қыркүйек, 2023 жылғы 14 қыркүйек, 2023 жылғы 21 қыркүйек, 2023 жылғы 28 қыркүйек, 2023 жылғы 5 қазан, 2023 жылғы 11 қазан.**
Бас Жүлденің ұтыс ойынын өткізу күні: 11 қазан 2023 ж.
Апта сайынғы ұтыс ойындары, сондай-ақ Бас Жүлденің ұтыс ойыны көрсетілген күндері Қағидалардың 7-бабында көрсетілген қағидалар/алгоритм бойынша Астана уақыты бойынша сағат 14:30-да өткізіледі.
- 2.3. Науқанды өткізу мерзімдері ауыстырылған жағдайда Ұйымдастырушы мұндай ақпаратты Сайтта және Инстаграм-да (kinder_kz_official) орналастырады
- 2.4. Қағидалардың 2.2-тармағында көрсетілген Жүлдегерлерге Жүлделерді беру мерзімдері Оператор Жүлделерді жөнелтуді жүзеге асыратын күндерді көздейді. Нақты мән-жайларды ескере отырып, Науқан Ұйымдастырушысының және (немесе) Операторының қалауы бойынша Жүлделерді жөнелту мерзімдері өзгертілуі мүмкін.

3. НАУҚАН ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- 3.1. Науқанға Қағидалардың талаптарына жауап беретін («Терминдер мен анықтамалар» кіріспесінің 4-тармағы), Науқанға қатысу үшін Қағидаларда көзделген барлық әрекеттерді тиісті түрде жасаған Қатысушылар қатыса алады.
- 3.2. Науқанға Науқан Ұйымдастырушысының және Операторының, олардың үлестес тұлғаларының жұмыскерлері мен уәкілетті өкілдері, сондай-ақ осындай жұмыскерлер мен өкілдердің отбасы мүшелері, сол сияқты Науқанды ұйымдастыруға және/немесе өткізуге тікелей қатысы бар өзге тұлғалардың жұмыскерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасыларының мүшелері қатыса алмайды.
- 3.3. Қатысушы Науқанға қатыса отырып, Науқан шарттарымен және Қағидаларымен танысып шыққанын және сөзсіз келісетінін растайды және Ұйымдастырушыға / Операторға Қатысушының Науқан Қағидаларымен таныс болмауы немесе Науқан шарттарын толық түсінбеуі негізінде қандай да бір кінәрат-талаптар қоюға құқығы жоқ.
- 3.4. Әр Қатысушы Науқанға шектеусіз қатыса алады.
- 3.5. Қатысушы Науқан Ұйымдастырушысынан / Операторынан осы Науқан Қағидаларына сәйкес Науқан туралы ақпарат алуды талап етуге құқылы.
- 3.6. Науқанға қатысуға ниет білдірген Қатысушылар Қағидаларда белгіленген мерзімде Науқанға қатысу үшін қажетті барлық әрекеттерді орындауға міндетті.
- 3.7. Қатысушының Науқан Ұйымдастырушысынан/Операторынан Қағидаларға сәйкес заттай нысанда анықталған Жүлденің(-лердің) орнына кез келген Жүлденің ақшалай баламасын алуды талап етуге құқығы жоқ.
- 3.8. Науқанды өткізу мақсатында Ұйымдастырушыға / Операторға Қатысушылар туралы ақпарат, оның ішінде Науқанға Қатысушылардың дербес деректері қажет. Науқанға Қатысушылар нақты және өзекті (сенімді) деректерді көрсетуге міндеттенеді. Науқанды Ұйымдастырушы / Оператор Науқан Қатысушысынан алған ақпаратты осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға беруге құқысыз. Қатысушылар ерікті түрде ұсынған кез келген ақпарат, соның ішінде дербес деректер Ұйымдастырушы / Оператор, оның уәкілетті өкілдері және/немесе жарнамалық агенттіктер тарапынан тек Науқанды өткізумен байланысты мақсаттарда, соның ішінде Науқан Ұйымдастырушысының жарнамалық мақсаттарында қолданылуы мүмкін.

4. НАУҚАНҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

- 4.1. Осы Науқанға қатысу үшін:
 - 4.1.1. 1 (бір) Өнім бірлігін сатып алыңыз, Appplaydu (<https://play.google.com/store/apps/details?id=com.ferrero.applayduGP&hl=ru&gl=US&pli=1>) қолданбасын қолдану арқылы сатып алынған Өнімнен шыққан ойыншықты суретке түсіріңіз, ресми Сайтқа өтіңіз, оған тегіңізді, атыңызды, электрондық пошта мекенжайыңызды және өзекті телефон нөміріңізді (дербес деректер) енгізу арқылы авторланыңыз/тіркеліңіз, Өнімді сатып алудан чекті және Қағидалардың 4.3-т. және 4.4-т. көрсетілген талаптарға сәйкес келетін анимациялық ойыншықтың фотосуретін жүктеңіз.



4.1.2.

Жүктелген чектер Науқан аяқталғанға дейін сақталуы керек және чектің болмауы Қатысушыны Жүлде алу мүмкіндігінен айырады.

4.1.3.

Қағидалардың мәтінімен танысу және тиісті гиперсілтемелер бойынша өту жолымен дербес деректерді жинау және өңдеумен келісу және Науқан мақсатында дербес деректерді жинау және өңдеу Қағидаларымен және шарттарымен келіскен жағдайда, сондай-ақ он сегіз жасқа толған жағдайда Сайтта авторлану/тіркеу нысанының тиісті өрістеріне белгілер ("құсбелгілер") қою. Қатысушы телефон нөмірін Қатысушыны сәйкестендіру, Науқан Жүлдегері мәртебесін алған кезде онымен байланысу, сондай-ақ қажет болған жағдайда Науқан жүлдесін жөнелту мақсатында ғана ұсынады.

4.2. Апта сайынғы және Бас Жүлденің ұтыс ойынына қатысу үшін Қағидалардың 4.1.1-тармақшасының шарттарына сәйкес кемінде 1 (бір) чекті тіркеу қажет.

4.3. Қатысушылар тіркейтін чектер келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- чек (-тер) фотосуреті сапалы болуы тиіс, анық оқылуға тиіс, онда барлық қажетті ақпарат анық көрінетіндей болуы тиіс, атап айтқанда: дүкен туралы ақпараты бар чектің жоғарғы жағы, чек нөмірі және т. б.; сатып алу атауы мен саны көрінетін бөлік («Kinder Surprise Natoon» шоколад жұмыртқасы) және сатып алу сомасы; қорытынды сомасы және чектер үшін міндетті ақпараты бар чектің төменгі бөлігі; Қатысушылар тіркейтін чектің (-тердің) фотосуреттері (сканерлері) мынадай техникалық талаптарға сәйкес келуі тиіс:
- форматтардың бірі - JPEG, PNG;
- өлшемі 5 Мб-дан көп емес;
- чек (-тер) фотосуреті барлық чек емес, Қағидалардың 4.3-тармақшасының бірінші тармағында сипатталған барлық қажетті ақпаратты қамтуы тиіс, өйткені чектің ұзындығы өте үлкен болуы мүмкін;
- сатып алу туралы түсінікті ақпаратты қамтуы;
- сатып алынған Тауардың атауы мен санын қамтиды;
- чек (-тер) күні Науқан мерзімдеріне сәйкес келеді;
- чекте(-терде) сатып алу күні, уақыты, сатып алудың жиынтық сомасы, ККМ КГД коды (чектің бірегей нөмірі), сатушының аты, оның БСН/ЖСН (чектің фискалды белгілері) көрсетілген;
- чектер заңнаманың барлық талаптарына жауап беруі тиіс, оның ішінде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналар (Фискалды Деректер Операторының базасында) берген болуы тиіс.

4.4. Қатысушылар тіркейтін чектер келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- форматтардың бірі - JPEG, PNG;
- өлшемі 10 Мб-дан көп емес;

4.5. Науқан Қағидаларының барлық талаптарына жауап беретін фискалды чек(-тер) түпнұсқасы болмаған жағдайда және/немесе чек(-тер) түпнұсқасын алған кезде чектің жасандылығы, Науқан Қағидаларының ең болмағанда бір (кез келген) талабына сәйкессіздік анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай чекті Ұтыс ойынынан алып тастауға және/немесе Жеңімпазды мәртебесінен айыруға құқылы және мұндай жағдайда Жүлдені алу құқығы осы Қағидаларға сәйкес қосалқы Жеңімпазға өтеді.

5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

- 5.1. Қағидалар мақсатында Дербес деректер деп белгілі немесе белгіленетін жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама түрінде қатысты кез келген ақпарат түсініледі.
- 5.2. Дербес деректерді жинау және өңдеу деп Қағидаларда Науқан өткізу мақсатында ұсынылған дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, өзгерту), толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау, жоюды қоса алғанда дербес деректерді автоматтандыру құралдарын қолдану арқылы немесе ондай құралдарды қолданбай жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі.
- 5.3. Дербес деректерді тарату деп Қағидаларда шектеусіз адамдар тобына дербес деректерді ашуға бағытталған іс-әрекеттер, атап айтқанда: Қағидаларда көрсетілген және (немесе) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Науқанға Қатысушының тегі, аты, қала немесе өзге де елді мекен, сондай-ақ оның Жүлдесі туралы мәліметтерді ашық жариялау түсініледі.

- 5.4. Қағидалардың осы 5-бөліміндегі Қатысушылар деп Қағидаларда айқындалғандай, Қатысушы мәртебесін алуына қарамастан, Қағидаларға сәйкес Науқанға қатысу мақсатында Ұйымдастырушыға (Операторға) дербес деректерді берген барлық адамдар түсініледі.
- 5.5. Науқанға қатысу туралы шешім қабылдай отырып және Науқан Қағидаларында көзделген кез келген іс-әрекетті орындай отырып, **Қатысушы осылайша Ұйымдастырушыға, оның уәкілетті өкілдеріне (Операторға және Ұйымдастырушы Науқан өткізуге тартатын өзге де тұлғаларға, бұдан әрі бірлесіп «өзге серіктестер» деп аталатын) өзіне берілген кез келген ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді ерікті түрде беру туралы өзінің келісімін растайды, Қағидаларға сәйкес Ұйымдастырушының (Оператордың) міндеттемелерді орындауы мақсатында Ұйымдастырушының (Оператордың, өзге серіктестердің) өңдеуіне, сақтауына және таратуына өз келісімін береді, атап айтқанда, мына мақсаттарда:**
- Науқанға Қатысушылар мен Жүлдегерлерді анықтау;
 - Науқан Жүлделерін Жүлдегерлерге тапсыру (жөнелту) ;
 - салық агентінің міндеттерін орындау,
- Қатысушының қосымша келісімін алмай және ол үшін қандай да бір сыйақы төлемей.
- 5.6. Қатысушылар Науқан мақсаттары үшін ұсынылатын дербес деректер Ұйымдастырушыға (Операторға, өзге серіктестерге) Науқан мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті дербес деректерге қатысты кез келген іс-қимылдарды жүзеге асыруға, оның ішінде (шектеусіз): жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату, бұғаттау, жою, шет мемлекеттердің аумағында трансшекаралық беру (дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясының тараптары болып табылатын, дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз етпейтін өзге де шет мемлекеттер), сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, дербес деректермен кез келген өзге іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келіседі. Қатысушылар Науқанға қатысу үшін көрсеткен немесе өзгеше түрде ұсынған дербес деректерді Ұйымдастырушы (Оператор, өзге серіктестер) Науқанды өткізу мақсаттарында барлық қажетті тәсілдермен өңдейтінін түсінеді және келіседі.
- 5.7. Дербес деректерді өңдеуді Ұйымдастырушы, Науқан Операторы және өзге серіктестер ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңында (бұдан әрі - "**Дербес деректер туралы**" Заң) көзделген талаптарды сақтай отырып жүзеге асыратын болады.
- 5.8. Ұйымдастырушыға (Операторға) дербес деректерді өз еркімен ұсына отырып, Қатысушылар "Дербес деректер туралы" Заңда көзделген кез келген тәсілдермен дербес деректерді жинауға және өңдеуге және Ұйымдастырушының, Оператордың, өзге серіктестердің Науқанды өткізу мақсаттары үшін осындай деректерді таратуға өздерінің келісімін растайды.
- 5.9. Ұйымдастырушы, Оператор және өзге серіктестер дербес деректерді рұқсат етілмеген кіруден қажетті қорғау шараларын кепілдендіреді. Қатысушылар Науқанға қатысу мақсаты үшін хабарлаған барлық дербес деректерді Ұйымдастырушы, Оператор және өзге серіктестер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Қағидаларда көрсетілген кепілдіктерді сақтай отырып өңдейді және сақтайды.
- 5.10. Ұйымдастырушы, Оператор және өзге серіктестер келесі қағидаларды сақтауға міндеттенеді және Қатысушыға дербес деректерді өңдеуге қатысты келесі кепілдіктерді ұсынады:
- дербес мәліметтерді қорғау саласында ҚР заңнамасының барлық қолданыстағы талаптарын сақтау, соның ішінде дербес деректер операторының «Дербес деректер туралы» Заңында бекітілген дербес деректер операторының ұстанымдарын, талаптарын, міндеттемелерін сақтау арқылы дербес деректерді өңдеуді қамтамасыз ету;
 - дербес деректерді тек Науқан өткізу көлемінде және мақсатында өңдеу. Дербес деректер субъектілерін қандай да бір өнімдер мен қызметтер туралы хабардар ету мақсатында, сондай-ақ кез келген өзге де мақсаттарда дербес деректерді пайдалануға және өңдеудің өзге де түрлеріне жол берілмейді;
 - Науқанға қатысушылар ұсынған дербес деректерді, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дерекқорларды пайдалана отырып, Интернет желісі арқылы жүзеге асыруды және жинауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Науқанды өткізу мақсатында Қатысушылар ұсынған дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе өзге серіктестер пайдаланатын Қатысушылардың дербес деректері бар дерекқорлары бар серверлер Қазақстан Республикасының аумағында болады, атап айтқанда:
 - Ұйымдастырушы қызметкерлерінің деректерді сақтау сервері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Мақатаев көшесі, 117, Бизнес-орталық «Lotos», А-корпус, 201-кеңсе. Осы арқылы Қатысушылар Науқан мақсатында жиналып, өңделетін дербес деректерінің орналасқан орны туралы ақпараттандырылған болып саналады.
 - егер Ұйымдастырушы, Оператор өзінің Қатысушылар алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында Қатысушылардың дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге немесе өзге жолмен жариялауға тиіс болса, аталған әрекеттерді “Дербес деректер туралы” Заң талаптарын сақтай отырып жүзеге асыру;
 - ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес өңдеу кезінде Қатысушылардың дербес деректерінің қауіпсіздігі мен құпиялығының қорғалуы мен қамтамасыз етілуі үшін жауапты болу.
- 5.11. Қатысушылар дербес деректерді өңдеуге келісімді Науқан өткізудің барлық мерзіміне және ол

аяқталғаннан кейін 1 (бір) жылға береді. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Оператор (Ұйымдастырушы) Науқан барысында алған дербес деректерді сақтамайды және таратуға жатпайды.

- 5.12.** Қатысушы кез келген уақытта Ұйымдастырушыға/Операторға тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен немесе Ұйымдастырушының/Оператордың осындай кері қайтарып алуына кепілдік беретін өзге де тәсілмен тиісті хабарлама жібере отырып, дербес деректерді өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға құқылы. Жеке деректерді өңдеуге келісімді қайтарып алуы Ұйымдастырушының дұрыс өңдеуі үшін мұндай шолуда кем дегенде субъектінің e-mail және Қатысушыны бір мәнді сәйкестендіру үшін Науқанның атауы / Сайт мекенжайы болуы тиіс. Әйтпесе, Ұйымдастырушы дербес деректерді өңдеуге келісімді қайтарып алатын субъектіге қай сайтта және/немесе қандай қызмет барысында дербес деректерді өңдеуге келісім берілгені туралы ақпаратты нақтылау мақсатында жүгіне алады.
- 5.13.** Қатысушының Науқанды өткізу кезеңінде дербес деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алуы автоматты түрде тиісті Қатысушының Науқанға қатысудан шығуына әкеп соғады және Науқан Жүлдесін алуға мүмкіндік бермейді. Егер Жүлдені Қатысушы бұрын талап еткен болса, Ұйымдастырушы Қағидалар негізінде айқындалатын Жүлденің ақшалай баламасын қайтаруды талап етуге құқылы. Дербес деректерді өңдеуге келісімді қайтып алу туралы хабарлама алғаннан кейін оларды өңдеуді доғаруға және Оператордың міндеттеуі/тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаның мұндай өңдеуді тоқтатуды қамтамасыз етуге және егер дербес деректерді сақтау дербес деректерді өңдеу мақсаттары үшін одан әрі қажет болмаса, дербес деректерді Ұйымдастырушы аталған қайтып алу хабарламасы келіп түскен күннен бастап 90 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жоюға немесе олардың жойылуын қамтамасыз етуге міндетті (егер дербес деректерді өңдеуді Науқан Ұйымдастырушысының міндеттеуі/тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге тұлға жүзеге асырса).
- 5.14.** Оператор жоғарыда көрсетілген кепілдіктерді бұзған Қатысушыларды Науқанның жалпы мерзімі ішінде кез келген уақытта Науқанға қатысудан шеттетуге құқығын өзіне қалдырады.
- 5.15.** Қатысушының өзекті емес (қате) және (немесе) дәл емес (дұрыс емес) деректерді ұсынуы Науқан Ұйымдастырушысын Жүлдені(-лерді) осындай Қатысушыға беру бойынша міндеттемелерден босатады және осындай Қатысушының Науқаға қатысудан автоматты түрде шығаруына әкеп соғады.

6. НАУҚАННЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Науқанның апта сайынғы жүлде қоры аптасына 24 (жиырма төрт) Жүлдеден 192 (бір жүз тоқсан екі) Жүлдені құрайды. Науқан кезеңінде апта сайынғы Жүлделер ретінде ұтыс ойындары өткізіледі:

- Балалар энциклопедиясы – 40 (қырық) дана;
- Kinder Сюрприз 36 боксы – 16 (он алты) дана;
- Номиналы 10 000 (он мың) теңгелік Marwin сертификаты – 40 (қырық) дана*;
- Номиналы 5 000 (бес мың) теңгелік Marwin сертификаты – 96 (тоқсан алты) дана*.
(бұдан әрі - “Марвин”) - 136 (бір жүз отыз алты) дана.
- **Бас жүлде - үйшік түріндегі балаларға арналған жиһаз гарнитурасы - 1 (бір) дана.**

6.2. Науқанның жүлде қоры Науқанды Ұйымдастырушының өз қаражаты есебінен құрылады және тек Жүлдегерлерге Жүлделер беру үшін пайдаланылады.

6.3. Ұйымдастырушы Жүлделерді ұсыну бойынша Жүлдегерлер алдындағы міндеттемелерді қоспағанда, Науқанның жүлде қорына қандай да бір міндеттемелермен ауыртпалық салмайды.

6.4. Жүлделер ішінара берілмейді.

6.5. Ұйымдастырушы осы Қағидаларда заттай нысанда анықталған Жүлде(-лер) құнының ақшалай баламасын төлеуді, Науқан Қатысушыларының/Жүлдегерлерінің қалауы бойынша Жүлдені(-лерді) ауыстыруды жүзеге асырмайды.

6.6. Ұйымдастырушы кез келген себептер бойынша Жүлделерді өзгерту, соның ішінде Науқан Қағидаларына өзгерістер енгізу арқылы Жүлделердің санын, жиынтығын, түрін және кез келген сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

6.7. Науқанның жарнамалық материалдарында көрсетілген Жүлденің (-лердің) сыртқы түрі Жүлдегерлерге берілетін Жүлденің (-лердің) сыртқы түрінен өзгеше болуы мүмкін.

6.8. Қағидалардың 6.1-т. көрсетілген сертификатты пайдалану шарттары Марвиннің саясаты мен қағидаларына, жария оферта шартына сәйкес айқындалады және Жүлдегердің қалауы бойынша біржақты тәртіпшен өзгертілмейді. Науқанға қатыса отырып, Қатысушылар Марвин ұсынған жария оферта шартының талаптарымен келіседі. Сертификаттарды пайдалану / сату қағидалары мен шарттарына, сертификат бойынша алынған тауарлар мен қызметтердің сапасы мен кепілдіктеріне қатысты барлық және кез келген шағымдарды Жүлдегерлер тікелей Марвинге ұсынуға міндетті. *Бұл электрондық сертификат интернет-дүкенде және "Меломан", MARWIN және "Комфорт" дүкендерінің желілерінде сертификаттың қолжетімді сомасына тауарларды сатып алуға құқық береді. Электрондық сертификатты пайдалану үшін marwin.kz, meloman.kz, komfort.kz интернет-дүкенде — тапсырысты рәсімдеу кезінде сайтқа алдын ала авторланып, себетіңізге электрондық сертификат нөмірін енгізу қажет. Дүкенде электрондық сертификатты пайдалану үшін - кассирге электрондық сертификаттың нөмірін хабарлау немесе оның сызықшалы-кодын көрсету қажет. Электрондық сертификат сомасы ішінара пайдаланылуы мүмкін, қалдық толық пайдаланылғанға дейін келесі сатып алулар үшін қолжетімді болады. Егер тауардың құны сертификат номиналына асып кетсе, онда айырмашылықты әрқашан қолма-қол ақшамен немесе банк картасымен төлеуге болады. Қатысушылар сертификаттарды пайдалану ережелерімен сайтта өз бетінше танысуға міндетті: <https://www.marwin.kz/podarochnye-sertifikaty>

7. ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Оператордың Науқан Жүлдегерлерін айқындауы әр аптаның соңында Қағидаларда көрсетілген күндерде, көрсетілген кезеңде Науқанға қатысқан барлық Науқан Қатысушыларының арасында ұтыс ойыны арқылы жүзеге асырылады.
- 7.2. Әр аптаның соңында Оператор Қағидаларда көрсетілген тәртіппен модерациядан өткен ID-өтінімдер тізілімін жасайды, ол интернет-сайтта орналасқан арнайы кездейсоқ таңдау генераторы (рандомайзер) <https://www.random.org> бағдарламасына жүктеледі.
- 7.3. Рандомайзер тізілімнен жеңімпаз деп саналатын 24 (жиырма төрт) Қатысушының тізбесін кездейсоқ анықтайды, ал тиісті нөмірлер берілген Қатысушылар Жүлдегерлер болып саналады.
- 7.4. Әр апта сайын Науқандар 24 (жиырма төрт) Жүлдеден ойналады:
 - Балалар энциклопедиясы-5 (бес) дана;
 - Kinder Сюрприз 36 боксы – 2 (екі) дана;
 - Номиналы 10 000 (он мың) теңгелік Marwin сертификаты – 5 (бес) дана;
 - Номиналы 5 000 (бес мың) теңгелік Marwin сертификаты – 12 (он екі) дана*.
- 7.5. Науқанға Қатысушы Науқанның барлық кезеңінде 1 (бір) реттен аспайтын Апталық Науқан Жұлделері ұтысының Жеңімпазы деп жариялануы мүмкін.
- 7.6. 2023 жылғы 11 қазанда Қағидалардың 7.3-тармағына сәйкес Бас Жүлде иегері де анықталады.
- 7.7. Барлық талаптарды орындамаған және/немесе Қағидалардың шарттарын дұрыс орындамаған Науқан Қатысушылары Науқан Жұлделерін алуға жіберілмейді.
- 7.8. Жүлдегерлерді ақпараттандыру Сайтта ақпаратты орналастыру арқылы, сондай-ақ тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта арқылы жеке хабарлама арқылы жүргізілетін болады, сондай-ақ Қатысушылар Жүлдегерлер туралы ақпаратты жедел желінің келесі нөмірі бойынша ала алады: 8 707 710 30 31.
- 7.9. Ұтыс ойынының Жеңімпаздарын хабардар ету кезінде Ұйымдастырушы немесе Науқан Операторы Апта сайынғы Жұлделер мен Науқанның Бас Жүлдесінің Жеңімпаздары анықталған жағдайда Науқанның Промосайтында тіркелген күні мен нөміріне сәйкес келетін фискалдық чектің түпнұсқасының болуын нақтылайды не болмаса Ұйымдастырушыдан немесе Оператордан Науқан Промосайтында тіркелген күні мен нөмірі бар фискалдық чек түпнұсқасының фотосуретін ажыратылымдығы кемінде 100 DPI, өлшемі 5 (бес) мегабайттан аспайтын JPG, JPEG немесе PNG форматында ұсынуды сұрайды; құжаттың барлық деректері анық, оқылатын әріптермен және сандармен болуы тиіс. Сайтта тіркелгенге сәйкес келетін күні мен нөмірі бар фискалдық чектің түпнұсқасы не Сайтта тіркелгенге сәйкес келетін күні мен нөмірі бар фискалдық чектің фотосуреті болмаған жағдайда, Науқанға Қатысушы Ұтыс ойынының Жеңімпазы мәртебесін жоғалтты деп танылады және Науқан Ұйымдастырушысы немесе Операторы қосалқы (балама) Жеңімпаздар тізімінен бірінші болып байланысады.
- 7.10. Егер Ұтыс Жеңімпазының телефоны байланыс аясынан тыс болса немесе Жеңімпаз 48 (қырық сегіз) сағат бойы қоңырауға жауап бермесе немесе Науқан Ұйымдастырушысына (Операторына) тәуелсіз техникалық сипаттағы кез келген басқа себептер орын алса, Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушының Жүлдені қосалқы Жеңімпазға беруге құқығы бар, егер қосалқы Жеңімпаз да байланысқа шықпаса немесе өз деректерін беруден бас тартса, онда Жүлде талап етілмеген деп танылады.
- 7.11. Ұйымдастырушы талап етілмеген Жұлделерді Науқан мерзімі мен Жұлделерді беру мерзімі өткеннен кейін өз қалауы бойынша билік ету құқығын өзіне қалдырады.

8. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Науқанды ұйымдастырушы:

- 8.1.1. қандай да бір себептермен Жүлдені уақтылы алмаған Қатысушыға жүлде беруден бас тартуға;
- 8.1.2. өз қалауы бойынша Науқанға қатысуға барлық өтінімдерді біржақты тәртіппен жарамсыз деп тануға, сондай-ақ қатысуға өтінімдерді беру процесін қолдан жасайтын немесе одан пайда көретін немесе Қағидаларды бұза отырып әрекет ететін кез келген тұлғаға Науқанға одан әрі қатысуға тыйым салуға;
- 8.1.3. өз қалауы бойынша Науқанды өткізуді жоюға, тоқтатуға, өзгертуге немесе уақытша тоқтатуға құқылы.

8.2. Науқанды Ұйымдастырушы Оператор арқылы Жүлдегерлерге Жұлделер тапсыруға міндетті.

8.3. Науқанға Қатысушының құқығы бар:

- 8.3.1. Науқан Қағидаларымен танысуға;
- 8.3.2. Қағидаларда белгіленген тәртіппен Науқанға қатысуға;
- 8.3.3. Науқан Жүлдегері мәртебесін алған жағдайда Жүлдені беруді талап етуге;
- 8.3.4. Сайттағы Науқан Қағидаларындағы өзгерістер туралы ақпарат алуға.

8.4. Қатысушы Жүлдегер деп танылған жағдайда Қатысушы:

- 8.4.1. Қағидаларда белгіленген тәртіппен Жүлдені алуға немесе жазбаша түрде Жүлдені алудан бас тартуға міндетті.

8.5. Ұйымдастырушы Науқанды өткізу мерзімі ішінде кез келген уақытта өз қалауы бойынша Жұлделердің тізбесі мен құрамын өзгерту құқығын өзіне қалдырады, бұл туралы Қатысушыларға Қағидаларда

көзделген тәртіппен хабарлайды.

9. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ

- 9.1.** Жүлдені алу үшін Жүлдегер 2023 жылғы 12 қазанға дейінгі мерзімде Операторға мынадай құжаттар мен ақпаратты ұсынуы қажет:
- индексі көрсетілген ҚР аумағында Жүлдені жөнелту мекенжайы;
 - Жүлдегердің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН).
- 9.2.** Жүлдегердің Жүлдені қабылдау-беру актісін толтырудан және/немесе оған қол қоюдан бас тартуы және/немесе дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім бермеуі, сол сияқты толық емес/дәйексіз ақпаратты көрсетуі және/немесе Жүлдені алу үшін қажетті барлық ақпаратты ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған жағдайда Жүлдегердің Жүлдеден бас тартуын білдіреді.
- 9.3.** Жүлделерді курьерлік қызмет Жүлдегерлерге екі аптадан бір жарым айға дейінгі мерзімде Жүлдегерлер Операторға берген мекенжайға тапсырады (жөнелтеді). Ұйымдастырушы мұндай мекенжайдың дұрыстығына, сондай-ақ оған үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруіне жауапты болмайды.
- 9.4.** Жеткізуді жүзеге асыруға арналған қалалардың тізімі: Қазақстан Республикасының барлық қалалары.
- 9.5.** Егер Жеңімпаз физикалық жеткізудің қате мекенжайын көрсетсе не көрсетілген мекенжай бойынша болмаса немесе электрондық сертификаттарды жіберу үшін қате электрондық мекенжайды (e-mail) көрсетсе немесе банктік шоттың қате деректемелерін көрсетсе, онда Ұйымдастырушы да, Оператор да Жүлдені Жеңімпазға жеткізгені үшін жауапты болмайды.
- 9.6.** Барлық талап етілмеген Жүлделер Ұйымдастырушының меншігінде қалады, ол оларды өз қалауы бойынша пайдалана алады.

10. БАСҚА ШАРТТАР. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 10.1.** Ұйымдастырушының Жүлделердің сапасына қатысты міндеттемелері оларды өндірушілер/Науқан Жүлделерінің құрамында қызмет көрсететін тұлғалар берген кепілдіктермен шектеледі. Ұйымдастырушы жұмыстың сапасы мен үшінші тұлғалардың іс-әрекеті үшін жауап бермейді.
- 10.2.** Ұйымдастырушының Қатысушыларға Жүлделерді тапсыру (жөнелту) жөніндегі міндеті Қағидаларда көрсетілген Жүлделер санымен шектеледі.
- 10.3.** Науқанға Қатысушы қандай да бір себептермен Жүлдеден бас тартқан жағдайда Ұйымдастырушы берілген Жүлделердің жалпы санын тиісті түрде азайту құқығын өзіне қалдырады.
- 10.4.** Ұйымдастырушы Науқан Қатысушысының шеккен шығындарын қоса алғанда (басқасының барлығынан бөлек) қате деп танылған әрекеттерінің/әрекетсіздігінің қандай да бір зардаптары үшін жауапты болмайды.
- 10.5.** Ұйымдастырушы (Оператор) және өзге серіктестер Қатысушының компьютері, телефоны немесе өзге құрылғысы қосылған байланыс операторы немесе интернет-провайдер желісінің техникалық іркілістері үшін; осындай байланыс операторының әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауапты болмайды.
- 10.6.** Ұйымдастырушы осы Қағидаларда көрсетілген жағдайларды қоспағанда немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес талаптар негізінде Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе өзге қатынастарға түспеу құқығын өзіне қалдырады.
- 10.7.** Науқан шарттарында талап етілмеген Жүлделерді сақтау және Жүлделерді алу мерзімдері өткеннен кейін оларды талап ету мүмкіндігі көзделмеген. «Талап етілмегендер» деп Қатысушылар арасында бөлінбеген Жүлделер немесе қандай да бір себептермен Қатысушылар бас тартқан Жүлделер түсініледі. Ұйымдастырушы алынбаған Жүлделерді өз қалауы бойынша қолдануға құқылы.
- 10.8.** Науқанды өткізу нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.
- 10.9.** Науқанға қатысты барлық даулы мәселелер ҚР қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Осы Қағидалар Сәйтта орналастыру арқылы жариялануға тиіс.
- 10.10.** Науқанның барлық Қатысушылары Науқанға қатысуға байланысты шеккен кез келген шығыстарды (интернет желісін пайдалануға, Науқан туралы кез келген ақпаратты алуға және т.б. байланысты шығыстарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) дербес төлейді.
- 10.11.** Науқан Қатысушысы осы Қағидаларда көрсетілген, Ұйымдастырушының және/немесе Оператордың шығындануына әкеп соқтырған міндеттерін бұзған жағдайда, Науқан Қатысушысы мұндай залалдарды толық мөлшерде өтеуге міндетті.
- 10.12.** Ұйымдастырушы Науқан Қатысушысының шеккен шығындарын қоса алғанда (басқасының барлығынан бөлек) қате деп танылған әрекеттерінің/әрекетсіздігінің қандай да бір зардаптары үшін жауапты болмайды.
- 10.13.** Ұйымдастырушы мен Оператор жауапты емес:
- Қатысушылардың Науқанға қатысуға байланысты міндеттерді орындамағаны/уақтылы орындамағаны үшін;
 - Қатысушыларды сертификатты жүлде ретінде ұсынған Марвин сертификаттарын пайдалану Қағидалары мен шарттарымен таныстырмағаны үшін және осындай дүкеннің саясаты мен қағидаларына сәйкес немесе оларды дұрыс түсіндірмегені үшін, сондай-ақ Науқанды өткізу нәтижелерімен таныстырмағаны үшін;
 - Қатысушылардан электрондық хаттарды, қоңырауларды және/немесе электрондық хабарламаларды алмағаны үшін, оның ішінде байланыс ұйымдарының кінәсынан, Интернет желісіндегі техникалық проблемалар және/немесе алаяқтық және/немесе Науқан өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс

- арналары нәтижесінде алмағаны үшін;
 - Қатысушылардан Жүлделерді алу үшін қажетті Құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны/уақтылы алмағаны үшін;
 - Қатысушылардан Науқан өткізу және Науқан Жүлделерін беру үшін қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыс және/немесе өзге де мәліметтерді, дербес деректерді алғаны үшін;
 - Қатысушының Науқанға қатысуына және/немесе Науқан жүлдесін алуына байланысты шеккен кез келген шығыстары және / немесе залалдары үшін;
 - форс-мажор туындағанда, оның ішінде төтенше жағдай режимі, карантин және/немесе эпидемияға/пандемияға байланысты кез келген өзге де шектеу шаралары енгізілген жағдайда.
- 10.14.** Науқанның барлық Қатысушылары Науқанға қатысуға байланысты шеккен кез келген шығыстарды (интернет желісін пайдалануға, Науқан туралы кез келген ақпаратты алуға және т.б. байланысты шығыстарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) дербес төлейді.
- 10.15.** Ұйымдастырушы мен Оператор Науқан Жүлделеріне құқық туралы кез келген дауларға қатысты жауапты болмайды. Қалай болғанда да, Жүлделерді беруге қатысты түпкілікті шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды және мұндай шешім шағымдануға жатпайды.
- 10.16.** Ұйымдастырушы мен Оператор ұялы телефон нөмірлерінің, электрондық мекенжайлардың бір немесе басқа тұлғаға тиесілі екендігі туралы жанжалдар туындаған жағдайда дауға кіріспейді. Барлық осындай даулар Науқанға Қатысушылар мен олардың қарсыластары арасында дербес және өз есебінен шешіледі.
- 10.17.** Науқан өткізу қорытындылары бойынша талаптарды Оператор Қағидаларда көрсетілген электрондық мекенжай бойынша науқан аяқталған күннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде, көрсетілген мерзім өткеннен кейін қабылдайды, наразылықтар болмаған жағдайда Оператордың Науқан өткізу және Жүлделерді тапсыру жөніндегі барлық міндеттемелері толық көлемде орындалған және Қатысушы наразылықсыз қабылдаған болып есептеледі.
- 10.18.** Ұйымдастырушы да, Оператор да Жүлдегерлер ұсынған байланыс ақпаратының дұрыстығына жауапты емес. Нақты мән-жайларды ескере отырып, Науқан Ұйымдастырушысының және (немесе) Операторының қалауы бойынша Жүлделерді жөнелту мерзімдері өзгертілуі мүмкін.

11. НАУҚАН ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫНЫҢ КӨЗДЕРІ

- 11.1.** Науқан Қатысушылары жалпыға қолжетімді Сайтында Науқан өткізілуінің толық шарттарын орналастыру арқылы оны өткізудің шарттары мен мерзімдері туралы хабардар етіледі.
- 11.2.** Қағидалардың толық мәтіні Сайтта "Қағидалар" бөлімінде орналастырылуы керек.

12. НАУҚАНДЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ

- 12.1.** Науқанды Ұйымдастырушы мен Оператор Науқанды өткізу шарттарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
- 12.2.** Науқан Қағидаларын өзгерткен, сондай-ақ оны уақытша тоқтатқан немесе өткізбеген жағдайда Оператор бұл туралы Қатысушыларды Сайтта тиісті хабарландыру орналастыру жолымен ақпараттандырады.
- 12.3.** Науқанды өткізуді уақытша тоқтату, Науқанды өткізуді мерзімінен бұрын тоқтату кезінде Науқан Ұйымдастырушысы Сайтта немесе басқа бұқаралық ақпарат құралы арқылы тиісті хабарламаны жалпыға қолжетімді түрде жариялауға немесе мұндай уақытша тоқтату/тоқтату туралы басқа жолмен көпшілікке хабарлауға міндетті.
- 12.4.** Науқан Ұйымдастырушысы Науқан өткізуді аяқтауға, соның ішінде Науқан Жүлделерін табыстауға/ұсынуға және Науқан өткізуді уақытша тоқтату немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға дейін Науқанға қатысқан Қатысушыларға қатысты өзге қажетті әрекеттерді орындауға міндетті.
- 12.5.** Науқанды өткізуді уақытша тоқтату немесе мерзімінен бұрын тоқтату Науқан Ұйымдастырушысын немесе оның тапсырмасы бойынша Операторды аяқталған ұтыс ойындары бойынша Жүлдегерлерге Науқан Жүлделерін табыстау қажеттілігінен босатпайды.

13. САЛЫҚ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- 13.1.** Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен салық салынатын табыстарға Жүлделер жатады. ЖТС (жеке табыс салығын) осы табыс (Ұтыс) түрі бойынша есептеу және ұстап қалуды салық агенті - Жүлделерді Қатысушыға - Жүлдегерлерге тікелей беруді қамтамасыз ететін Оператор жүргізеді.
- 13.2.** Қатысушылар Жүлделер түрінде табыс алады, салық агенті олар үшін тиісті салықты (жеке табыс салығын) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлейді.

14. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫМЕН БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛІ

Қатысушылар Науқан операторымен байланыса алады:

– жедел желі нөмірі бойынша ұялы байланыспен: **8 707 710 30 31**

Қазақстандағы Kinder брендінің Instagram-дағы ресми парақшасы: **@kinder_kz_official**.

ПРАВИЛА
проведения рекламного интерактивного стимулирующего мероприятия –
Интернет-Акции «Kinder Surprise Natoon»
(далее – «Правила»)

г. Алматы

10 августа 2023 года

ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

Если иное прямо не оговорено настоящими Правилами, термины и определения с заглавной буквы, применяемые в них, будут иметь следующее толкование:

1. Организатор и Оператор Акции:

- **Организатором Акции** является юридическое лицо, созданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организующее проведение Акции, а именно, **Товарищество с ограниченной ответственностью «Ферреро Казахстан»** (БИН 130140009072, юридический адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Достык, д.192/2, 5 этаж), далее именуемое «**Организатор**».
- **Оператором Акции** является юридическое лицо, созданное в соответствии с законодательством РК, заключившее договор с Организатором на проведение Акции, действующее при выполнении обязательств по такому договору от своего имени, но за счёт и по поручению/заданию Организатора с целью выявления лиц, имеющих право на получение призов за участие в Акции согласно Правилам, а также рассылки (доставки) Призов Призерам, а именно: **Товарищество с ограниченной ответственностью "G-FORCE" (ДЖИ-ФОРС)**, юридическое лицо, зарегистрированное и действующее в соответствии с законодательством Республики Казахстан (БИН 060440002398) юридический адрес: Республика Казахстан, Алматы, пр. Достык, дом. №97, н.п. 1, далее – «**Оператор**».

2. Акция – Промоакция «Kinder Surprise Natoon», представляющая собой рекламное стимулирующее мероприятие, направленное на формирование и поддержание интереса потребителей к продукции с товарным знаком «Kinder», стимулирование её продаж, продвижение на рынке, проводимое Организатором на условиях Правил.

3. Правила – настоящие правила Акции.

